

КҮЛӘШТІ АЙМАНКҮЛ ҚОНАҚҚА ШАҚЫРҒАНДА

– Шақырдым Күләшті үйге күйеуімен,
Бұлбұлдың сайрағанын сүйемін мен.
Сандықтан ішігімді әперіңдер,
Әншінің құрметіне киемін мен.

Қайда екен білезігім, жүзіктерім,
Жасымда жүзік киген қызықты еді.
Әперші бүгін, Сара, соларымды,
Күтейін сәніменен қонағымды.

Қайда екен киілмеген кимешегім?
Өзіме сол кимешек үйлеседі.
Жарасып Күләшіммен отырайын,
Әйтпесе өзге күнде кимес едім.

Балалар, тез қимылдап қамданыңдар,
Ырза боп қайтсын мейман алдарыңнан.
Құрметтеп қасиетті меймандарды,
Көбейтіп, жарқыратып шам жағыңдар.

Шам жағыңдар, сәулені көбейтіңдер,
Ықыластары жетпеді-ау демейтіндей.
Күләш кеп күнде қонақ бола бермес,
Көңілдің көк жайлауын кеңейтіңдер...

Ұмытпан сондағы бір кешімізді,
Шықпайтын өле-өлгенше есімізден.
Үй жарық, көңіл жарық, өмір жарық,
Алдық-ау әннен әбден өшімізді.

Көлеңке – кірбең қалмай қабағында,
Жылтылдап алмас ұшқын жанарында.
Жұтынып жан-жағына қарайды екен,
Бір әнге өзі сүйген саларында.

«Апам» – деп... «Әйкем», –
деп алды еркелеп,
Сезімтал нәзік жаны неткен зерек.
Күлдіріп Қанабегін елеңдетіп,
Сұрайды одан-дағы әнге көмек.

Әнші зулап аспанға ұшты сонда, –
Я, Жасаған, уызымды өзің қолда! –
деп күбірлеп Әйекең тынып қапты,
Шығарғандай батырын ұзақ жолға.

Шабыт кетті шығанға оқ кеткендей,
Қараңғыны күйдірер шоқ кеткендей.
Апам отыр қорыққандай қаны қашып,
Жер қимылдап, зіл-зала боп кеткендей.

Даусы кетті Күләштің тау басына,
Таудан асып барады ай қасына.
Қандай қызы қазақтың Күләштай боп
Ән салды екен осылай қай ғасырда?

Күзда қыран қомданып бір сілкінді,
Дүр сілкініп, оятты тынық түнді.
Әнге ұйыған аршалар ырғатылып,
Қарлы шыңдар бұйыққан бұғып тұрды.

Әннің де өз сәулесі болады екен,
Ән жеткен жер жарыққа толады екен.
От қанаты талғандай сорғалап кеп,
Жүрегіне тірліктің қонады екен.

Күләш әнмен аспандап қайда барды,
Неге аспанды шарлады, сайрандады?
Кімді іздеді? Білмедім, тап баспадым,
Таппай қайтты әйтеуір қайран жанды...

Таппай қайтты мен білмес қайран жанды,
Шықпас болар сол жұмбақ ойдан мәңгі.
Аяп кеттім жылаған әннің даусын,
Алай-түлей жүрегім ойрандалды.

– Қайда жүрсің, бармысың, сағынғаным?
Сағым ба екен, бұлт па екен жамылғаның?
Сүйгеніңнен осынша жасырынып,
Ойының ба, шының ба, не қылғаның?!

Ән осылай естіртті ойдағысын,
Қырдамысың, қалқам-ау, ойдамысың?–...
Әнші болған не деген азап еді,
Жұртқа естіртіп жылайды қайдағысын...

Арланбайды сұрланған сыңайлардан,
Арды қайтсін мағынасыз ылайланған.

Ән жасыра алмайды махаббатын,
Адамнан да, қауымнан, құдайдан да.

Әркім әннен табады өз арманын,
Әнмен бірге іздейді жоғалғанын.
Таппаса да, тапса да қуанады,
Қандай қызық көзден жас бұлағаны.

Бүгін өтсе, ертең күн келер тағы,
Өткіземіз мезгілді безек қағып.
Әншіменен қосылып бірге жылау –
Өміріндегі адамның ғажап шағы.

– Сезіндік тазарғандай, әлденгендей,
Жанымыз, ажарымыз әрленгендей.
Білмеймін, кім тапты екен мұнша ләззат,
Сұңқылдап өзің салған әннен мендей.–

Деп апам Күләш әнін мойындады,
Өстелеп айтты шынын ойындағы.
Үстіне қасиеттеп жапты ішігін,
Кигізді қос жүзігін қолындағы.

– Күләшжан, осы менің сыйлағаным,
Кемпірдің осы-ақ екен жинағаны.
Қарағым, жасығымды асылдай көр,
Алмасаң, қарт апанды қинағаның.

Күләштің сонда көрдім кереметін,
Құлпырып бал-бұл жанды екі беті.
Мөлтілдеп қара көзі жасқа толып,
Иіліп тұрды азғана сәлем етіп.

Ішігін Әйкеңнің қабылдады,
Жарасты күле тұрып жамылғаны.
Сылдырап қоңыраулы қос сырғасы,
Таранды қаршығадай бабындағы.

Өз тізгінім қолымда босатпадым,
Отым өшкен жоқ әлі ошақтағы.
Қайтем бүгін елеп мен әңгімелеп,
Әлдекімнің тарылып тас атқанын.

Тарлық түбі қорлық қой түсінгенге,

Адал асқа у қосып пісіргендей.
Ұзақ дәурен өмірде сүре алмайды,
«Кісімін» деп өтірік ісінгендер.